



ЦИКЛОГРАММА
І апта қараша 2021ж
Мектепалды даярлық тобы
тобы

Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау
Тақырыпша. «Өзім туралы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №2 Құрлымдалған ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстер туралы түсініп, топтастыра алады.	Картотека №3 Құрлымдалған ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: жыл мезгілдерінің атауларын біледі (қыс, көктем, жаз, күз).	Картотека №7 Құрлымдалған ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау керек екенін, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді	Картотека № 5 Құрлымдалған ойын: «Жануарларды өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып топтай алады.	Картотека № 8 Құрлымдалған ойын: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді біледі.
	ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				

Таңертеңгі гимнастика	Қараша айының 1 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Артикуляциялық жаттығу «тәтті тосап», «түтікіше», «жылан». 3. Тыныспен жұмыс «Сұңғуір» жаттығуы 4. Саусақ жаттығуы «Сақина, массаж» Бала үні				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен кіммін? Мақсаты: Өзі туралы қарапайым түсініктерді біледі. Ресурстар: Дидактик материалдар Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командада жұмыс. ҰОҚ өтілу барысы: 1. Шаттық шеңбер Е. Өтетілеуұлы Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз Біз баламыз шыныққан, Денсаулығы мықты жан. Бала үні 2. Акт. Суретпен жұмыс -Екі баланы салыстыру. -Өзін-өзі күту деген не? -Тазалық таза баланың досы дегенді қалай түсінеміз?	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: П дыбысы және әріпімен таныстыру. Мақсаты: П дыбысы және әріпімен танысады, өз бетінше сөз, сөйлем қарастырады. Ресурстар: Кеспе әліптер, таратпа материалдар Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командада жұмыс. ҰОҚ өтілу барысы І. Жылулық шеңбері. Бір, екі, үш. Топтың іші тып - тыныш Жалқаулықты тастаймыз Сабақты біз бастаймыз Бала үні. II. Миға шабуыл. Өткенді қайталау. Әріп дегеніміз не? Дыбыс нешеге бөлінеді? Дыбыстың қандай түрлерін білесіңдер?	1. Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2. Математика негіздері. Тақырыбы: 3 саны және цифры. Мақсаты: 3 саны және цифрымен танысады; цифр мен заттың санын сәйкестендіре біледі Ресурс: Үлестірмелі материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау ҰОҚ өтілу барысы. І. Шаттық шеңбер Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді. Бала үні. Ғажайып сәт. қонаққа құлыншақ келу. Құлыншақ екі жағына тең етіп сиқырлы қапшық	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Н дыбысы және әріпімен таныстыру. Дыбыстық талдау жасау Мақсаты: Жаңа дыбыспен танысады. Дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ресурстар: Кеспе әліптер, таратпа материалдар Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командада жұмыс. ҰОҚ өтілу барысы І. Шаттық шеңбер. Біз бақытты баламыз, Оқып білім аламыз, Әріптерді үйреніп, Білімді бала боламыз. Бала үні. II. Ой дамыту. Өткен тақырыпты еске	1. Жапсыру. Тақырыбы: Адам бейнесін жапсыру. Мақсаты: Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюға үйренеді. Ресурстар: портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар. Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау ҰОҚ өтілу барысы І. Шаттық шеңбер Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал! Бір-біріне күлімдеу. Бала үні. II. Миға шабуыл. Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Кім

-Сен қандайсың, өзіңе сипаттама бергенде неден бастаймыз? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы Сыни ойлау, бала үні. Қандай бала Өлең жолдарына таладу. Анау бала, бетін қара Кір қожсалақ қап-қара Тырнағы өскен, шашы көптен Алынбапты –ау масқара Сұрақ-жауап. -Бұл қандай бала туралы айтылып тұр? -Бұндай балдар не істеу керек? Сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Айырмашылығын тап» Шарты: Сурет арқылы айырмашылықты табу. Сұрақ –жауап. Қайсысы саған ұқсайды. Балалардың қайсысы жақсы деп ойлайсың? Сергіту сәті. Бас, иық, тізе, саусақ, Бас, иық, тізе, саусақ, (көрсету) Саусақ, саусақ, саусақ. (сау сақпен сартылдату) Бас, иық, тізе, саусақ, Бас, иық, тізе, саусақ, Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін, (Жылдамдатып тез тез	Дауысты дыбыс қандай текшемен белгіленеді? Дауыссыз дыбыс қандай текшемен белгіленеді? Дауысты дыбыс қалай айтылады? Дауыссыз дыбыс қалай айтылады? Өткен ұоқ қандай әріптермен таныс болдыңдар? «А» дыбысы қандай дыбыс? «Т» дыбысы қандай дыбыс? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясыз сыни ойлау, бала үні III. Ғажайып сәт Карлсон балаларға қонаққа ұшып келді. АҚТ технологиясы Сумкасында суреттер көп, бірақ атын білмейді. Балалардан көмек сұрап келді. Карлсонға көмек. Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. (жалаушалармен. қызыл, сары, көк, жасыл түстер) 4.Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақ жасыру, әр жұмбақтың шеңберін тапқанда сумкадан затты алу 1-топ қызыл жалауша.	әкелеген. Іші толған тапсырма. III. Миға шабуыл Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ тапсырма Құрлымдалған ойын: «Ойлан тап» Шарты: Пішіндерді атау -Қызыл түсті пішіндерді сана Сары түсті санды ата Артық пішінді тап Қызыл түсті санды ата Шеңберге ұқсайтын заттарды ата Сопақшаға ұқсайтын заттарды ата Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау. 2-топ. Тапсырма. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақ жасыру. Күндіз-түні жанамын. Дабыл беріп бәріне. Үш түрлі түсім бар, Белгілі жас пен кәріге 3-топ. Тапсырма Құрлымдалған ойын: «Сандар сыры» Шарты: Суретке қарап сандарды жабыстыру. -Қай суретте 1 зат қана бейнеленген сол суретті тауып сол суретке келетін санды алып жабыстыру.	түсіру. -Дыбыс деген не? -Әріп деген не? -Сөз неден құралады? -Дыбыс нешеге бөлінеді? -Қандай дыбыстармен таныстық? Сыни ойлау, бала үні III. Тосын сәт. АҚТ тех. Балаларға сиқырлы кітапты бенетаспадан көрсету Бұл бейнетаспада «Сиқырлы кітап» туралы әңгімелейді. Сиқырлы кітап сөйлей жөнеледі. -Енді балалар тақтадағы бейнетаспаға назар аударыңдар. -Қай дыбыс туралы айтты? -Н дұрыс. Бала үні. 4.Жаңа тақырып Нн дыбысы және әрпімен танысамыз.  - «Н» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы: ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі	тапқыр?» Шарты: жасырылған жұмбақты тез шеше білу. 1. Бір беткейде екі көл. (Көз) 2. Сөз ұққыш- Қос тұтқыш. (Құлақ) 3. Үңгір түбінде жалбырап, Өсіп тұр жалғыз жапырақ. (Тіл) Сыни ойлау, бала үні. III. Жаңа ұоқ таныстыру. -Тақтаға адам бейнесін ілу. Сұрақтар-жауап. Құрлымдалған ойын: «Сәйкестендір» Шарты: Адамның сезім мүшелерін тауып сызық арқылы қосу.  Жапсырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту. Жеке көмек Мазмұн арқылы саралу, блум таксономиясы. Сергіту сәті: Бүйір таян сол қолмен, Көтер қанат оң жақтан, Қайталашы сол жолмен
---	---	---	---	--

	дидактик материалдар. Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы 1.Шаттық шеңбер: Армысың, шапағатты, Күн ана Армысың қайырымды, Аспан ана Армысың мейірімді, Жер ана Армысың менің достарым. Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Телефон шырылдау. -Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмесін, маған көмек керек. -Мен сендерге гүлдерді жібердім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қанша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар? -Жарайды Дымбілмес -Біздің балалар өз білгендерімен көмектеседі. Миға шабуыл. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: жасасырған жұмбақты шешу. 1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең Ұшқан құс, жүйріген оқ Бәріне тең	 Сөздерде П дыбысы сөздің қай жерінде естіліп тұр? Сыни ойлау, бала үні. Буынға бөлу. 1-топ. Доп 2-топ. Піл сөзі 3-топ. Балапан 4-топ.Парта АПА сөзіне дыбыстық талдау жасау, текшемен жазу. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Қортынды. Кубизм әдісі. Берілген буындардан сөз ойлап құрастыру. Пер - де. Пош - та. Пи - яз. По - езд. Па-ровоз. Пар - та. 4К моделі, бала үні. Карлсонмен қоштасу. Рақмет айтып кетіп қалады. Балаларды мадақтау. 2.Мүсіндеу Тақырыбы: Менің портретім. Мақсаты: Балалар адамның бейнесін мүсіндеуге үйренеді. Кескішті	берілген тапсырмаларды жылдам жауап беру. Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1) - Қоянда неше құлақ бар - Қолда қанша саусақ бар? - Ағашта 5 құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? -Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма? Сыни ойлау, бала үні Құлынишақпен қоштасу. Балаларға рақмет айту. 4. Ой қозғау.Тақпақ оқу. Екіліктен кейін қараңдар 3-саны шықты жарандар Үшінші орын тұрағы 3-ілемектен тұрады. Сұрақ-жауап. Қандай сан туралы айтылған? Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын. «Көршісін тап» Шарты: 3 саының көршісін табу. Қорытындылау -Бүгін қандай цифрлармен таныстық? -Мына цифр заттың қанша екендігін білдіреді? Балаларды мадақтау.	1- топқа «Н» әрпі бар сөздер айту 2-топ. «Н» дыбысы бар сөздерге сөйлем құрау Сыни ойлау, бала үні Сергіту сәті видеомен. Пед жет ойын: «Кім көп біледі» «Н» әрпіне бір-бірден сөздер айту. Қортынды: Бүгін біз не үйрендік?» -Қандай дыбыспен таныстық? -«Н» дыбысы дауысты ма,дауыссыз ба? Бала үні. Балаларды мадақтау 2. Музыка Педагог жоспары бойынша 3. Өзін өзі тану. Тақырыбы:Мейірімділік Мақсаты: Құрдастарымен өзара әрекеттесу арқылы қарым-қатынас қуанышы, өзара көмек, мейірімділік танытады. Ресурстар: портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар. Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау	тұрған кім? Қалай ойлайсың, Ұлан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? Дастан, сен кімнің қасында отырсың? Балжан ұл бала ма, әлде қыз бала ма? - Ал өздеріңнің дене мүшелерің туралы білесіңдер ме? балаларға адамның дене мүшелері: бас, мойын, аяқ , қолдары туралы сұрақтар Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Айна». Шарты: балалар айнаға қарап өздерін не үшін жақсы көретінін айтады Жақсы болу өзіңнен. Өлең жолдарын түсіндіру. Жақсы болу өзіңнен. Жаман болу өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Жақсылық көрсең біреуден, Мен қандаймын деп ойла. Өзіңді өзің қолыңа ал. Өзіңсің – ақыл айнасы, Тиеді саған мәні бар. «Өзіңді тану пайдасы» Жақыңды, досты аяла. Құрлымдалған ойын: «Менің достарым» Шарты: Адам сұлбасына ене мүшелерін ретімен ретімен орналастыру. Қорытынды:
--	--	--	--	---	---

Адамзат, жан жануар соның арқасында Мәңгілік өсіп өнеген. (Жер) 2. Таңмен көзін ашады Әлем нұрын шашады (Күн) -Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама? -Ал жануарлар мен өсімдіктер ше? -Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық, жылу өте қажет балалар. 3. Дәміде жоқ, түсінде жоқ Пайдаланбас кісінде жоқ. Су 4. Бір нәрсе жермен көктің арасында Көрмейді өзі түгіл қарасыда Білінбей жер бетінде жүрсе дағы Пайдалы адамзаттың баласына (ауа) Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. АҚТ технол Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету. Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы түсіндіру. Табиғат туралы түсінік беру. (жер, су, ауа, өсімдіктер, құстар, жануарлар т.б.) -Тірі және өлі табиғат	қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасайды. Ресурс: АҚТ тех.адам суреті. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау ҰОҚ жүргізілу барысы Ой қозғау АҚТ технол жұмыс Адам дене мүшесінің бөлшектерін көрсетіп, түсіндіру, мазмұнын ашу. (пішіні, қозғалысы, әрекеті т.б.) -Балалар, адам ойлау үшін не қажет? -Барлық тұрмысқа қажетті заттарды, киімдерді т.б басқа өмірге керек заттарды кімдер ойлап тапты? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні. Пед жет ойын: «Ойлап тап» Шарты: Бұл ойында екі топқа жеке –жеке жұмбақ жасырылады Сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті: Бүйір таян сол қолмен, Көтер қанат оң жақтан, Қайталашы сол жолмен Иіліп тез, сәл сақтан. Тәрбиешінің түсіндіруі: Адам бейнесін мүсіндей әдісін көрсету, түсіндіру.	3.СУРЕТ Тақырыбы: Бұл мен Мақсаты. Дөңгелек пішінді заттардың суретін салады. Түстерді үйлестіре біледі. Ресурстар: портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар. Әдіс –тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң» деймін мен Бала үні. «Доп лақтыру әдісі» Жыл мезгілі, ай атын, апта күнін сұрау. Суретпен жұмыс Отбасы. Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? - Бір сөзбен қалай атауға болады? Бала үні. Қызық оқиға. Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен. Оны автопортрет деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен. Мазмұн арқылы саралау,	Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу. ҰОҚ өтілу барысы I. Шаттық шеңбері. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз Бала үні. II. Ой дамыту. Мейірімділік туралы түсінік беру. -Сурет бойынша әңгіме. -Мейірімділік дегенді қалай түсінеміз? -Мейірімділікке не жатады? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Сыңарын тап» Шарты: Әдептілік бейнеленген суреттердің сыңарын тауып, біріктіру. II. Ой қозғау. Тақпақ жаттау. Күлімдеген күн мейірімді, Кірішсіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді. Бала үні. Сұрақ-жауап Тақпақ не туралы айтылған? -Мейірімділік дегеніміз не?	Өзін – өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған – туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана өз – өзімізді сүйеміз. Жүректен – жүрекке: Өз – өзімді сүйемін – сізге де соны тілеймін! 4К моделі, бала үні. 3.Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?» Мақсаты: Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйренеді (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар). Ресурстар: дене мүшелер суреті. Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командада жұмыс. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметпен Бас иеміз біз. Бала үні II. Қызығушылықты ояту. Телефон шырылдау. Хабарлама келу. -Ия балалар дәрігерден келген екен Тәрбиеші хабарламаны оқиды.
---	---	--	---	---

	туралы түсіндіру. Табиғат нешеге бөлінеді? Күн неге жарқырайды? Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады? Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет? Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Слайд көрсету.  Сыни ойлау, бала үні. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі. Құрлымдалған ойын: «Топтастыр» Шарты: Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау. Қорытынды. Пед жет ойын: «Шатастырма» 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір жаз мезгілі? 3. Көктемде қар ериді? 4. Қыста жапырақтар сарғ	Ермексаздың бүтін кесегінен созу тәсілі арқылы мүсіндеу жұмысының барысымен таныстыру. Тәрбиеші үлгіні көрсете отырып, балаларға адам бейнесінің жасалу жолын көрсетеді: * ермексаз кесегін жұмсартып аламыз. * Үлкен домалақ жасаймыз. * Созу тәсілімен басын, мойнын және аяқтарын шығарып аламыз. * Жіңішке ширатпалар дайындап аламыз. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. Балаларға адам бейнесін мүсіндеуді ұсыну Балалардың өз бетінше жұмыстары. Жеке көмек Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, креативтілік, жанама бақылау. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: балалар бір-бірін бағалау. Галерияны шарлау. Қортынды Балаларды мадақтау. 3. Орыс тілі	блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. Шығармашылық ортаға саяхат. Портреттерге назар аударайық. Онда кімнің суреті салынған? (Ананың). Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты? Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады? Блум таксономиясы, өнім арқылы саралау, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Менің портретім!» Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің жұмыстарыңды тамашалайтын боламыз. Жанама бақылау, креативтілік, бала үні. Саусақ жаттығуы «Достық» жаттығуы Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз	-Мейірімділікті қайдан алуға болады? -Егерде саған біреу мейірімділік көрсетсе сен қандай сезімде боласың? Сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Жақсы, жаман» 1.Өтірік айту жаман қасиет дегендерің, қол соғайық. 2.Жақсы адам болғыларың келсе, орнымыздан тұрайық. 3.Жалқаулық жаман қасиет дегендерің, отырайық. 4.Жүректері мейірімділікке толы балалар «Мен» деп айқайласын. 5.Адамгершілігі мол балалар екі қолдарын көтерсін. 6.Көңіл-күйлері жоғары балалар, аяқты еденге соғайық. 7.Осы балабақша туралы жақсы ой-пікірдегі балалар бір-бірінің қолын алсын. Өнім арқылы саралау, бала үні, тікелей бақылау. Қорытынды жасау Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату. 4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері	Саламатсыздарма балалар! Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме? Қане бәріміз бірге айтып көрейікші (Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ) Пед жет ойын: «Дене мүшелерді ата» Шарты: дене мүшелерін көрсетіп атау. Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Қ.Мырза Әли -Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! -Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін! Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру. Бала үні, 4 к моделі Мазмұн арқылы саралау Құрлымдалған ойын: «Адам денесін құрастыр» Шарты: суреттерді дұрыс құрастыра отырып, адам бейнесін шығару. Біздің дұрыс өсуімізге күн, ауа, және су керек екен. Табиғатты және өзімізді қорғауымыз керек. Бала үні
--	---	--	--	--	--

	аяды? 5. Жыл мезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. 6.Жаз ең суық жыл мезгілі 7.Қыста құстар жылы ж аққа ұшып кетеді? 8.Жазда балалар оқиды? Сыни ойлау, өнім арқылы саралу, бала үні. Балаларды мадақтау 1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша	Педагог жоспары бойынша 4.Ата тегі асыл қазынам	сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Бала үні. Пед жет ойын: «Көрме» Шарты: салған суреттерді бағалау, пікір айту. Галереяны шарлау әдісі. Бас бармақ әдісі арқылы бірін бірі бағалау. Қорытынды. Балаларды мадақтау. 4. Ғажайып әлем	Тақырыбы: Дұрыс тамақтану. Мақсаты:Негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдері кеңейеді. Ресурстар: АҚТ тех, дидактикалық материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Ой дамыту. АҚТ тех жұмыс. 1.Дұрыс тамақтану туралы түсінік беру. Құрлымдалған ойын: «Негізгі тамақ және зиянды тағам» Шарты: Тағам түрлерін топтастыру. 2. Күнделікті өмірде тамақтанудың бес маңызды қағидасымен таныстыру. Ой қозғау. 3.Слайдпен жұмыс. -Дұрыс тамақтанудың ережелерімен және ас ішу тәртібімен таныстырып түсіндіру. 4.Сұрақ-жауап. -Қандай тағам түрлерін білесіңдер? -Дұрыс тамақтану дегеніміз не екен? -Дұрыс тамақтанудың қандай ережелері бар? Мазмұн арқылы саралу,	Қортынды Балаларды мадақтау. Смайлктер беру. 4.Мейрімділік пен әдептілік мекені Тақырыбы: Құқықтану әлеміне саяхат Білімділік: Балаларға құқық туралы түсінік беру. Өз пікірлерін білдіруге, тұжырым жасауға үйрету. Дамытушылық: Құқықтық дүниетанымдары мен адамгершіліктерін дамыту. Тәрбиелік: Достыққа, мейрімділікке ойын арқылы тәрбиелеу. Өзін және басқа адамдарды сыйлауға тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	--

				сыни ойлау, бала үні 5. Пед жет ойын: «Зиянды тағам түрін көрсет және ата» Шарты.: көрсетілген сурет бойынша тағамның не үшін зиянды екендігін айтып түсіндіре білу. Қорытындылау. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен:	Картотека №1 Күзгі жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 12 Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека №6 Желді бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека №9 Аула сыпырушының еңбегін бақылау 4К моделі, бала үні	Картотека №4 Ауа- райының салқындауын бақылау. 4К моделі, бала үні
	КҮЗ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Гигиеналық шаралар. Ойын жаттығу: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бала үні				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№7 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№9 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан				

Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №6 Құрлымдалған ойын: «Пейзажды құрастыр» Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы түсінеді. 4К моделі, бала үні	Картотека №4 Құрлымдалған ойын: «Пейзаж,натюрморт» Мақсаты: балалар кескіндеменің әртүрлі жанрлары: пейзаж, портрет, натюрморт туралы түсінеді 4К моделі, бала үні	Картотека №16 Құрлымдалған ойын: «Керемет орман» Ойынның мақсаты: балалар өз қиялында схемалық бейнелеуге сүйене отырып жұмыс жасай алады 4К моделі, бала үні	Картотека №17 Құрлымдалған ойын: Сиқырлы суреттер Ойынның мақсаты: балалар қиялындағы заттардың бейнелерін жасауға үйренеді 4К моделі, бала үні	Картотека №19 Құрлымдалған ойын: «Ертегі кейіпкерлеріне түс таңдаңыз» Мақсаты: жақсылық пен жамандық ұғымдарын бейнелеу үшін түстер схемасын таңдауды үйренеді 4К моделі, бала үні
	Шығармашылық білім беру картотекасынан				
	Балалармен жеке жұмыс Логикалық тапсырмалар	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	Картотека №1 Күзгі жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 12 Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека №6 Желді бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека №9 Аула сыпырушының еңбегін бақылау 4К моделі, бала үні	Картотека №4 Ауа- райының салқындауын бақылау. 4К моделі, бала үні
	Таңертеңгі серуенді бекіту. Сұрақ- жауап. Бала үнін тыңдау.				
Балалардың үйге қайтуы	Тәрбиеші: <i>Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.</i> <i>Ата-аналармен балаға спорт, спорт құралдары туралы айтып, түсіндіру керектігі жөнінде әңгімелесу.</i> Педагог-психологтың кеңесі: <i>Ата-аналарға баламен қандай спорттық ойын-дар ойнау керектігі жөнінде кеңес беру.</i>				

ЦИКЛОГРАММА
II апта қараша 2021ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау
Тақырыпша. «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 20 Кеңістікті бағдарлау. Мақсаты: балалар ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека №18 «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын түсініп, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні	Картотека № 16 «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека №17 «Төртінші артық» Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау және топты жалпылама сөзбен атауды біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека № «Жол картасын бейнеле» Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын түсініп, өз ойымен айта алады.. 4К моделі, бала үні
	Математика дидактикалық ойындар картотекасынан				

Таңертеңгі гимнастика	Қараша айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді. Бала үні				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дәрумендер – денсаулық кепілі» Мақсаты: Дәруменнің адам денсаулығына маңыздылығын түсінеді, өз ойын жеткізе алады. Ресурстар: Дәрумендер суреті. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ I.Шаттық шеңбері Е.Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен Бала үні. II. Таңғажайып сәт. Салауат атайдан хат келу.хатты оқу	1.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Ғ з дыбысы және әрпі Мақсаты: Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен танысады. Ғ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды және оқиды. Ресурстар: Кеспе әріптер суреті, Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз. Бала үні I.Қызығушылықты ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. (Күн бейнесі) Ой сүйкімді балалар армысыңдар! Сендерді көріп қуанып тұрмын.	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері Тақырыбы: 4 саны мен цифры. Реттік санау Мақсаты: Балалар 4 саны және цифрымен танысады, кеңістікті бағдарлауда «алға – артқа», «оңға -солға» бағыттарын пайдалана білуге үйренеді. Ресурстар: дидактикалық материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ I. Шаттық шеңбері. Н. Айтөв. «Тату – тәтті тұрамыз» Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөз дыбыс. Мақсаты: Сөз, дыбыс туралы ұғымдарды жетілдіреді, өз ойын айтады Ресурстар: Кеспе әріптер суреті, Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. «Балалы үй-базар» Н.Әлімқұлов. Біздің үйден ән тарап, Дұмандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. Бала үні. Қызығушылықты ояту. Миза шабуыл I.Пед жет ойын: «Орамал тастамақ» Қандай әріптерді өттік? -Әріп деген не? -Әріпті не істейміз? (оқимыз,	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: Су табиғат байлығы Мақсаты: Судың қасиеттерімен танысады. Іс – тәжірибе жасау арқылы ойлау қабілеттері артып, суды ысырап етпеуге, дұрыс пайдалануды біледі. Ресурстар: сүт, су, бояу. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау, өнім арқылы сарлау. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз» Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз.

Қымбатты балалар сендер денсаулықтарың мықты болу үшін не істеу керек екенін білесіңдер ме? Шынығу керек? Жақсы тамақтану керек. Дәрумендер жеу керек. Мазмұн арқылы саралу, Бала үні, сыни ойлау. Ой дамыту Оқу ортасы арқылы саралу. Дәрумендерді топқа бөлу. 1-топ А және В дәрумені Біз балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. Бұл В дәруменін жеп өскен баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп жақсы жүгіретін боласыздар. Пед жет ойын: «Дәруменді ата» Шарты: Көрсетілген суретте қандай дәрумен бар екенін атау. Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы. 2-топ С дәрумені Мен С дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай	Мен мына бейне қалташаммен сендерге тапсырма орындап әкелдім. Тапсырма орындайсыңдар ма? Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. «Күн тапсырмасы» 1-тапсырма Бейнесі қалташада өтілген дыбыстардың және таныс емес әріптер қонаққа келді. Өтілген әріптеріңді атаңдар? Атау.. Сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау. 2-тапсырма.Ертегідегі әріпті атау. «Ғажайып түс»ертегісі арқылы «Ғ» дыбысы бар сөздермен таныстыру. (Ертегі желісі бойынша тақтаға Ғани, балға, таға, шалғы, торғай, қарға, ғарышкер, ғарыш, ағаш, сағат суреттері ілінеді) Ерте, ерте, ата мен әженің Ғанидеген баласы болыпты. Атай темірден балға, таға, шалғы жасаумен айналысыпты. Ғани атасына көмектесіп, күзде шалғымен шөп шабысады. Бір күні шөп шауып жүріп Ғани шаршап аспанға қарап жатып, ұшып жүрген торғай, қарғаларды көріп, меніңде қанатым болып көкке самғасам ғой деп армандап, ойланып жатып ұйықтап кетіпті. Түсінде ғарышкер болып,	Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Бала үні АҚТ технологиясымен жұмыс II.Қызығушылықтарын ояту. Ғажайып сәт. Айболит ата қонақта. Күз мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді. 1.Ой дамыту -- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін) - Айболит бәріне жақындауды сұрайды. -Енді аурулардың саны қанша болды? Санау. - Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді. -Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? Кезекке тұруға Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Аңдарды кезекке тұрғызу». Шарты: Әр аңның артында жабыстырылған сан болу керек . 1.Реттік санау.	жазамыз) 2.Пед жет ойын: «Кім жылдам» -Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай? -Дауысты дыбыс қандай үйде тұрады, қандай текшемен белгілейміз? -Неге? -Дауысты дыбыстар қалай айтылады? - Дыбысты не істейміз? (естіміз, айтамыз) 3. Пед жет ойын «Шынжыр» -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? -Оларды шынжырлап қойғандай нелер кедергі жасайды. Дауыссыз дыбыс қай үйде тұрады? 4. Пед жет ойын: «Мен бастаймын сен аяқта» Ан---, та--, на--, ға--,т.б. 5.Құрлымдалған ойын «Шашылған буындар» Буындардан сөз құрау, сөзге сөйлем құрау. 6. Құрлымдалған ойын: «Текшелер жарысы» АНА, ТАНА,НАН, АҒА сөздерін текшемен жазу. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2. Өзін-өзі тану. Тақырыбы: Менің сезімдерім Мақсаты: Адамның сезімдері, оның адамға	Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. II.Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Дәміде жоқ, түсі жоқ, Пайдаланбас кісі жоқ. СУ Ой дамыту -Су туралы түсінік беру. -Сұрақ-жауап. --Су қандай зат? -Оның қандай пайдасы бар? -Судың қасиеттері қандай? - Адамдар суды не үшін пайдаланады? (ішеді, жуынады) - Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер) -Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық.. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, Бала үні, сыни ойлау. Сергіту сәті. Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Су
--	--	---	--	---

микробтар жоламайды. Балалар біз сендерге керекпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін біздермен дос болыңдар. Сыни ойлау, бала үні 3-топ Д дәрумені Мен Д дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені жеп өскен баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де сүйектерің мықты болып өседі. 4 к моделі, бала үні. Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Құрлымдалған ойын: «Пайдалы және зиянды заттар» Шарты: Суреттерден пайдалы және зиянды заттарды ажыратып жинақтау. Ой қозғау Дәрумендер неде болады? атау -Дәрумендер не үшін керек екен? Үйдегі күн тәртібіңді ата? Таңертең жаттығу жасайсыңдар ма? Жеміс- көкөністерді жуып жейсіңдер ма?	ғарыштасамғап жүр екен. Өте қуанышты сезімде жатқанда желдің дыбысынан оянып кетеді. Сағатына қараса кеш бола бастаған. Ғани өзінің ғарышқа ұшқанын жақсылыққа жорып, атасына түсін айтуға үйіне қарай қуана жүгіре жөнелді Ертегі ұнады ма? Баланың аты кім еді? (Ғани) Ғани дегенде бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? F дыбысы. Олай болса, Күн тапсырмасындағы жаңа әріп F дыбысының әріп таңбасы екен. (Тақтаға F.ғ әріптері қойылады) Суреттерде F әрпі неге ұқсайды. (Тақтадағы суреттерді F әрпімен салыстырып, шалғыға. F дыбысы туралы білгілерің келе ме? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні II. Мағынаны тану. - F дыбысының айтылу артикуляциясын меңгерту. Біз күнді қайдан көріп тұрмыз? Ғаламтордан Ғаламторда бірінші қандай дыбыс естіліп тұр. F дыбысын дыбыстату. F дыбысы кедергімен айтылады.. Демек F дыбысы қандай дыбыс деп. (Дауыссыз дыбыс) Қандай түсті текшемен белгілейміз. (Көк) Сыни ойлау, бал а үні, өнім арқылы саралау.	-- Айболитке емделу үшін қанша аң келді? -Қоян бәрінен қорқып тұрғанда өз кезегін ұмытып қалған. Қане көмектесейік - Түлкі де баласын тербетуге кетіп, қайтып келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты. - Қасқыр ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді? -Керік бәрінен кеш келді ол нешінші екен? - Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау. Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді. Сонымен Айболитке неше аң келді? Санау. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні 4саны және цифрымен танытыру. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 3.Пед жет ойын: «Салыстыр» Шарты: Суреттен үлкен – кіші ұғымын атау.	тигізетін әсері туралы түсінеді. Ресурстар: Дене мүшелерінің суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау, өнім арқылы сарлау. I.Шаттық шеңбері Ө. Тұрманжанов. Аудиомен бірге. Кел, балалар күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек Көңілді боп жүрейік! Бала үні II. Ой қозғау. 1. Әңгімелеу. -Бүгін көңіл күйлерің қандай? -Адамның көңіл күйі неліктен өзгереді? Адамның сезімі оның көңіл күйіне байланысты болады. -Сендер қалай түсінесіңдер? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні 1.1 Әңгімелеу Әдептілік әлемі Е.Өтетілеуов. Өлең жолдарын мәнерлеп оқу. Түсіндіру. 1.2. «Жақсы көңіл –күй сыйлаймын» Жұптасып тұру. -Үлкен мен кіші -Ата мен әже -Әже мен бала -Ана мен бала -Әке мен бала	ішінде қалықтап, Қәне, жүзіп алайық, Оңға, солға бір қарап, Денемізді бұрайық Балаларды топқа бөлу. Тәжірибе жасау 1-топ. Сүт пен суға тәжірибе Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды. "Су - мөлдір" Сыни ойлау, Бала үні. 2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе. Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады. "Суда дәм жоқ" Сыни ойлау, Бал үні. 3-топ Бояулармен. Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау. "Су - түссіз" 4- топ. Су және ванилин Яғни:"Судың иісі жоқ" 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Рефлексия Сұрақ-жауап Су қандай? Бала үні. Ө Тұрманжанов «Табиғатты аялайық»
---	---	---	---	---

